

"Қазақстан Халық Банкінің "Halyk Finance"
еншілес ұйымы" АҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен

б е к і т і л г е н

2026 жылғы "24" маусымнан бастап № 13/26-3

**"Halyk-Global" инвестициялық аралық
пай қорының ережесіне
№ 1 өзгерістер**

Өзірлеуші:

Активтерді басқару департаменті

Алматы, 2026 ж.

1. 1-тармақтың 1) тармақшасы және одан әрі мәтінде жаңа редакцияда баяндалсын:

"1) Толық атауы "Bolashaq – Акции будущего" инвестициялық аралық пай қоры."

2. 1-тармақ, 2) тармақша және одан әрі мәтін бойынша жаңа редакцияда жазылсын:

"2) "Bolashaq – Акции будущего" қысқартылған атауы.

3. 24-бөлім, 1) тармақшасының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Пайларды сатып алу тоқсанына бір рет – 25 қаңтарда, 25 сәуірде, 25 шілдеде және 25 қазанда жүзеге асырылады.

Пайларды сатып алу күні Қазақстан Республикасындағы демалыс немесе мереке күндерімен сәйкес келген кезде сатып алу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Пайларды бастапқы орналастыру мерзімі ішінде пайларды сатып алуға жол берілмейді."

4. 24-бөлім, 1) тармақшасының 9-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Қордың пайларын сатып алуға арналған өтінімдер, егер Басқарушы компанияның атқарушы органы жеңілдікті қолдану туралы шешім қабылдаса, жеңілдікті шегере отырып, пайларды сатып алу күнінің алдындағы жұмыс күнінің соңындағы пайдың есептік құны негізге алына отырып айқындалған баға бойынша орындалады. Пайларды сатып алуға өтінімдер қайтарылмайтын сипатта болады."

5. 24-бөлім, 1) тармақшасының 11-тармағы жаңа редакцияда жазылсын

"11. Басқарушы компания пайларды сатып алуға арналған өтінімді орындаған кезде басқарушы компанияның пай ұстаушыға ақша беру жөніндегі міндеттемесі ұстаушының сатып алуға арналған өтінімде көрсетілген деректемелер бойынша банктік шотына ақша аударылған жағдайда орындалды деп есептеледі. Сатып алуға арналған ұстаушының өтінімінде банктік деректемелер дұрыс көрсетілмеген жағдайда ақшаны қайта аударуды Басқарушы компания ұстаушының банктік шотының дұрыс деректемелері бар ұстаушының тиісті жазбаша өтінішін алғаннан кейін қайта аударғаны үшін Банктер комиссияларының сомасын ұстай отырып жүзеге асырады.

Пайшылар иелену мерзімі күнтізбелік алты айдан аз болған пайларды сатып алуға ұсынған кезде басқарушы компания пайларды сатып алуға ұсынылатын жалпы құнның бір пайызына дейінгі мөлшерде жеңілдік қолдануға құқылы. Жеңілдікті қолдану туралы шешімді басқарушы компанияның атқарушы органы қабылдайды және корпоративтік сайтта жарияланады. Қордың пайларын сатып алу кезінде оның болуы тоқтатылған жағдайда немесе Қордың ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу себебінен пайдың есептік құнынан жеңілдіктерге жол берілмейді."

6. 5-бөлім «Инвестициялық декларацияның» 5-тармақшасы), 4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Басқарушы компанияның қор активтеріне қатысты инвестициялық стратегиясы қызметі әлемдік экономиканың ұзақ мерзімді макроэкономикалық және құрылымдық трендтерімен байланысты және ұзақ мерзімді перспективада құнның өсу әлеуеті бар

эмитенттердің үлестік қаржы құралдарына, сондай-ақ аталған құралдарға инвестициялайтын қорлардың пайларына басым инвестициялау болып табылады. Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары шетел және (немесе) ұлттық валютада номинациялануы мүмкін."

7. 5-бөлімнің «Инвестициялық декларация», 5-тармақшасының 5-тармағы алып тасталсын..

8. 5-бөлімнің «Инвестициялық декларация», 6-тармақшаның 3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қордың активтері келесі инвестициялық лимиттерге сәйкес инвестицияланады (басқарылудағы активтердің %):

- 1) ақша – 100 %;
- 2) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар – 30 %;
- 3) ұйымдастырылған нарықта кері репо (қаражатты орналастыру) – 100 %;
- 4) корпоративтік эмитенттердің үлестік құралдары – 100 %;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары – 40 %;
- 6) шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары – 100%;
- 7) Халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық құралдары – 100 %;
- 8) ETF (Exchange Traded Funds) мемлекеттік бағалы қағаздарға – 100 %;
- 9) ETF (Exchange Traded Funds) мемлекеттік бағалы қағаздарға – 100 %;
- 10) ETF, ETC (Exchange Traded Commodities) және ETN (Exchange Traded Notes) борыштық және үлестік құралдарды қамтымайтын активтердің басқа сыныптарына – 30 %."

9. 12-бөлім жаңа редакцияда жазылсын:

"Пайдың номиналды құны - 1 (бір) АҚШ доллары."

10. 13-бөлімнің, 4 тармақтың 2) тармақшасындағы және бұдан әрі мәтін бойынша "(веб-нұсқа/мобильді қосымша)" деген сөздер алып тасталсын.